

Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 18 сәуірдегі N 7/2 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құрамында Төрағасы Ю.А.Кимнің, Конституциялық Кеңес мүшелері Н.И.Акуевтің, О.Қ.Ықсановтың, В.В.Мамоновтың, С.Н.Сәбікеновтың., С.Ғ.Темірболатовтың, В.Д.Шопиннің, өтініш жасаушы субъекті өкілі, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты А.Э.Мостовичтің қатысуымен ашық мәжілісте Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағы 4-тармақшасы, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 17-бабы 3-тармағы, 1-тармақшасы негізінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабы 4-тармағын ресми түсіндіру туралы баяндамашы, Конституциялық Кеңестің мүшесі Мамоновтың хабарламасын, сондай-ақ субъект өкілі Парламент Сенатының депутаты А.Э.Мостовичтің сөзін тыңдап, қолдағы материалдарды зерттей келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ҰЙҒАРДЫ:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 1997 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабы 4-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінулері келіп түсті, өтінуде сондай-ақ екі жылға сайланған Сенат депутаттары келесі мерзімге қайта сайлана ала ма деген сұрақ қойылды.

Аталған нормаларды Конституциялық Кеңес мына тұрғыда түсіндіреді. Конституцияның аталған бабының 4-тармағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің депутаттығына кандидаттың сәйкес келуі талаптарын айқындайды. Олар Парламентке жүктелетін міндеттер сипаты тұрғысынан шарттастырылған.

Республика азаматтығында кемі бес жыл тұрған Қазақстан Республикасының азаматы Сенат депутаты бола алады. Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы азаматтық туралы" заңына сәйкес азаматтық дегеніміз адамның мемлекетпен оның өзара құқықтар мен міндеттері

жиынтығын білдіретін тұрақты саяси-құқықтың байланысы болып табылады. Сенат депутаттығына кандидат мемлекетпен осындай құқықтық өзара қарым-қатынаста Азаматтықты алу негізінен тыс кемі бес жыл тұруы керек. Азаматтықты дәлелдейтін құжат төлқұжат болып табылады. Азаматтыққа қабылдану нәтижесінде Қазақстан Республикасы азаматтығын алған адамдар үшін азаматтық жағдайының мерзімі тиісті адамға азаматтық беру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына қол қойылған күннен бастап есептеледі, ал туғандығы бойынша азаматтық жағдайы тууы туралы куәлігі б о й ы н ш а а н ы қ т а л а д ы .

Сенат депутатының белгіленген 30 жасы тиісті құжаттармен: төлқұжатпен, жеке басын анықтайтын куәлікпен немесе тууы туралы куәлікпен дәлелденеді.

Сенат депутатының жоғарғы білімінің бар екендігі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 сәуірдегі "Жоғары білім туралы" Заңының 13-бабы талаптарына сәйкес дәлелденеді.

Сенат депутаты үшін бес жылдық жұмыс стажын талап ету осы немесе басқа лауазымда, мамандығы бойынша немесе басқа кәсіпте жұмыс істеп жүргенін, еңбек стажының үзіліссіз болған болмағанын шектемейді.

Сенат депутаттығына кандидат үшін Конституцияның аталған нормасы тиісті облыс, республикалық мәні бар қала немесе Республика астанасы аймағында кемі үш жыл тұрақты тұру шартын айғақтайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 16-бабы 1-тармағына сәйкес (жалпы бөлімі) тұратын жері ретінде азаматтың тұрақты немесе басым тұратын елді мекені саналады. Азаматтың тұратын жерін анықтауда оның зайыбының тұратын жерінің маңызы жоқ (Неке және отбасы Кодексінің 18-бабы 4-бөлігі). Азаматтың тіркелген жері басым көпшілігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қыркүйектегі Қаулысы бойынша Республика аумағында 1998 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылатын ескі төлқұжат үлгісінде көрсетілген азаматтың нақты мекен-жайының бірден-бір дәлелі болып табылады. Сондай-ақ мұндай дәлел азаматтың тұрақты тұратын жері бойынша оған жеке басы куәлігі беріле отырып тіркелген жері болып табылады; онда берген орын, уақыты және есептен шығып, келуіне орай жеке басы жөнінде жаңа куәлік берілетін және есепке алынатын, тұрақты тұратын жерге көшкен кезде өзгертін осы құжатты берген орган жазылады.

Қандай да бір азаматтың тұрақты тұратын жерінде Сенаттың депутаты болып сайлануы тұрақты тұратын жерін соған бола автоматты түрде өзгертуі емес. Сенат депутатының Парламенттегі өкілеттігін жүзеге асыруы басқа да сайланған, лауазымға тағайындалған адам сияқты (мәселен, консулдың, елшіліктің және т.б. қызметкерлері) өзінің тұрақты тұратын жері шегінен тыс жердегі депутаттық өкілеттігі міндеттерін өзі уақытша тұратын жерде жүзеге асыруы болып

т а б ы л а д ы .

Ал екі жылға сайланған Сенат депутаттығына қайта дауысқа түсу мүмкіндігіне келер болсақ, конституциялық нормада да, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Жарлығында да Сенатқа қайта сайлануға тыйым салынбаған. Мұндай жағдайда, егер Сенат депутаты өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тұрақты тұратын жерін өзгертсе, онда ол Сенатқа депутаттыққа кандидат болып қайта сайлануға құқығын жоғалтады, өйткені ол жоғарыда көрсетілген шартқа тиісті облыстың аумағында, республикалық мәні бар қала яки Республика астанасында кемінде үш жыл тұрақты тұруы керектігіне сәйкес келмейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 4-тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 33, 37, 38-баптарын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабының 4-тармағын ресми түсіндіруге байланысты қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабының 4-тармағын азаматтық алу негіздеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы Сенат депутаты бола алады деп ұғыну керек. Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар үшін азаматтықта тұрған мерзім Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті адамға азаматтық беру туралы жарлыққа қол қойған күннен есептеледі, ал тууы бойынша азаматтықта тұрғаны туралы к у ә л і к п е н р а с т а л а д ы .

Депутаттың көрсетілген жасқа жеткенін растайтын құжаттар төлқұжат, жеке басының куәлігі, яки тууы туралы куәлік болып табылады.

Сенат депутатының жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының "Жоғары білім туралы" 1993 жылғы 10 сәуірдегі Заңының 13-бабындағы талаптарына с ә й к е с р а с т а л а д ы .

Сенат депутатының жалпы жұмыс стажы еңбек заңы талаптарына сәйкес р а с т а л а д ы .

Өкілеттік құзыры бар органдардың Сенат депутатын тұрақты тұратын орында тіркелген орны оның басым уақыт тұратын орны болып саналады, оған күні, орны көрсетіліп берілген куәлік және орган берген құжат дәлел болып табылады.

Егер екі жылға сайланған Сенат депутаттары өздерінің тұрақты тұратын орнын өзгертпесе, олардың Сенатқа сайлануға құқы бар, ал оны өзгерткен болса, ол бұл құқықтан айырылады, себебі бұл тиісті облыстың аумағында, республикалық мәні бар қала яки Республика астанасында кемінде үш жыл

тұруы көрсетілген конституциялық талапқа сәйкес келмейді.

2. Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясы 74-бабының

3-тармағына сәйкес қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді,
Республикалық барлық аумағына бірдей жалпы міндетті болып табылады және
Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар
"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы"

U 9 5 2 7 3 7 _

Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда ол
түпкілікті және арыздануға жатпайды.

Қазақстан Республикасының
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы